

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
«Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» даярлау бағыты бойынша  
Академиялық Комитеттің кезектен тыс мәжілісі**

**№2а ХАТТАМАСЫ**

**Кентау қаласы**

**11.11.2022 ж.**

**Қатысқандар:** Исламголова Ж.С.- АК төрайымы, доцент м.а., Казбекова Г.Н.- кафедра менгерушісі, доцент м.а. Жунисов Н. М. - PhD, аға оқытушы, Амиртаев К. Б. - аға оқытушы, Садыбеков Р.Ш - аға оқытушы, Искендирова Г.С.- Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, оқытушы, Худайбергенов Бауыржан Амангельдиевич -- «КТЗ» АҚ-ның басқарма төрағасы, Нұртаза Аяжан - МАЖ-111 тобының 2 курс магистранты

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. 2022-2023 оқу жылында бітіруші бакалаврларды қорытынды аттестаттауды өткізу нысаны туралы

**Тындалды:**

1. *Күн тәртібіндегі мәселе бойынша АК төрайымы Ж.С.Исламголова:* 2022-2023 оқу жылында бітіруші бакалаврларды қорытынды аттестаттауды өткізу нысаны туралы университетіміздің Академиялық комитеттінен ұсыныс келді. Сол ұсынысқа сәйкес жауап беруіміз қажет. Ол ұсыныста *Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар даярлау бағыты* бойынша қорытынды аттестаттау дипломдық жұмыс немесе дипломдық жоба болып ұсынылған (осы бағыттағы студент контингенті – 241)

Әрбір БББ бойынша ойларының айтыңыздар. Талқыға салайық.

2. *АК мүшесі Жунисов Н.М.:* Факультетте Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар бағыты бойынша білім алған жатқан БББ топтары: 6B06151 – Ақпараттық жүйелер, 6B06152 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, 6B06182 – Компьютерлік инженерия, 6B06181 – Ақпаратты өңдеу және деректерді визуализациялау бойынша қорытынды аттестаттау дипломдық жұмыс немесе дипломдық жоба етіп өткізу нысанымен келісемін.

Оқуын тәмамдаған жоғары оқу орындарының тұллектері ЖОБА қорғауы тиіс. Дипломдық жұмыс немесе жоба – бұл студенттің кешенді дербес жұмысы, басты мақсаты және мазмұны болып мамандық профилі бойынша кейбір өзекті міндеттермен сұраптарды теория түрғысынан, сол сияқты қолданбалы сипаттама жасау және зерттеу, жанжақты талдау болып табылады. Сондықтан жоба қорғау енгізілгені дұрыс шешім деймін.

3. *АК мүшесі Искендирова Г.С.:* Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар даярлау бағыты бойынша білім алған студенттердің теориялық білімдерін, сондай-ақ осы білімдерін қаншалықты қолдана алатындығы, шаруашылық субъектінің қызметін басқарушылық және қаржылық талдауда, аудиторлық тексеруде және есепті ұйымдастыру барысында нақты тапсырмаларды шешуде қолдануы, өз бетінше жұмысты жүргізу қабілеттілігі диплом жұмысын немесе жобасын орында барысында айқындауға болады. Сол себепті Студенттерге диплом жұмысын немесе жобасын қорғау тиімді деп санаймыз.

4. *АК мүшесі Амиртаев К.Б.:* Жоғары оқу орында төрт курс оқып, қажетті білім алған студенттерге диплом жұмысын немесе жобасын қорғау қындық тудырмайды. Ал білімі мен қабілеті балаларды оқытуға жеткіліксіз тұллектер жұмысқа қабылданбайды. Ендеше диплом жұмысын немесе жобасын қорғау маңызды екенін айқындағы отырып.

5. *АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі Худайбергенов Б.А.:* Дипломдық жоба – бұл бітіруші тұллектердің мамандықтың негізгі пәндері бойынша білімін, қабілеті мен тәжірибелік

дағдыларын біріктіре көрсететін бітіру жұмысы болып табылады. Бітіруші түлектер дипломдық жоба орындау және қорғау кезінде: білімділік деңгейін (жалпы ой-өрісін, кәсіби біліктілігін, арнағы және мамандандырылған білімін); кәсіби құзіреттілігін (мамандығы бойынша қолданбалы міндеттерді өздігінен шешу үшін алған білімдерін қолдана алуы); топпен жұмыс істей алу қабілеті және жобалық топ ішінде, сондай-ақ оның шегінен тыс жерлерде ортақ тіл таба білу; өз ойын накты дәлелдермен баяндай алуы, өзінің идеялары мен ұсыныстарын айта және қорғай білу қасиеттерін көрсетеді. Ол болашақ маманың қабілеті мен тәжірибелік дағдысын көрсетеді. Сол себепті студенттерге диплом жұмысын немесе жобасын қорғау бекітілгенін қабылдаймын.

*6.АК мүшесі, білімгерлер өкілі Нұртаза А.:* Бітіруші студенттер үшін диплом жұмысын немесе жобасын қорғау енгізілгенін қолдаймын. Ойларыңызбен келісемін.

*АК төрайымы Ж.С.Исмагулова:* Жоғарыдағы Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар даярлау бағытының ерекшеліктері негізінде айтылған ұсыныстарды ескере отырып, қорытынды аттестаттауды өткізу нысандары төмендегідей бекітілсе, калай қарайсыздар?

№	Даярлау бағытының коды және атауы	Қорытынды аттестаттауды өткізу нысан	Контингент
1	6B06151 – Ақпараттық жүйелер	диплом жобасын қорғау	27
2	6B06152 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	диплом жобасын қорғау	14

*АК мүшелері ұсынысты бірауыздан қолдады.*

**Шешім:** Айтылған ұсыныстарды ескере отырып, Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар даярлау бағыты бойынша бітіруші бакалаврларды қорытынды аттестаттауды өткізу нысаны қабылдансын, Университеттің Оқу-әдістемелік Комитетіне бекітуге ұсынылсын.

**Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар  
даярлау бағыты бойынша  
Академиялық комитет төрайымы:**

Ж.С.Исмагулова

**Хатшы:**

Г.С.Искендерова